

Айша ЕРГУДЕР

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АНАДОЛЫ ЖЕРЛЕРИНДЕГІ ТОҚЫМАЛАРДА
ҚОЛДАНЫЛГАН ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ҮҚСАСТЫҒЫ МЕН
МӘН-МАҒЫНАЛАРЫ

В статье рассматривается идентичность петроглиф найденных в Казахстане местах Анадолы.

Yazar Kazakistan ve Anadolu topraklarında faydalanan el yapım işlerinin benzerlikleri üzerinde durmuştur.

Қоленерде барлық мотивтердің өзіне тән магынасы болады. Ғасырдан ғасырға мотивтердің өзгеруі және берген мән-мағыналары толыға түседі және нақтыланады.

Түрік мотивтері алғаш рет тастардың беттеріне салынған суреттермен басталады. Түрік өнерінде пайдаланған мотивтердің Түркістан (Орталық Азия) төнірегінде пайда болған Қара Тау мәдениетіне тиісті мотивтермен өте ұқсас екендігі анықталды. Б.Э.Д. ғасырларда тастарға салынған суреттер табиғаттағы құбылыстарды дәл сондай суреттеу болыш табылады. Кейде бұлардың өте керемет суреттегенін байқаймыз. Мысалы, Боденсе де тайген маңайында Кеслерр Лоис ұнгірінде табылған филдиши не салынған киік суретін мысал ретінде болады.

Тасқа салынған суреттердің көбінде аң көріністері орын алады. Тастарға сурет салғандар көзben көргендерін, қолмен ұстағандарын тас бетіне салып отырған. Салынған суреттерде табиғаттың сырлары суреттелген. Бұдан көптеген мағына шығара отырып, нәтижесінде Түріктердің дүниеге деген көзқарасы қалыптасты. Тастарға салынған суреттер табиғи және қарапайым, бірақ өте анық суреттелген. Ал кейде нағыз ерекшеліктерді де байқауға болады. Алайда бұлар жиі кездеспейді. Алдыңғы Түрік тас суреттерінің маңыздылығы жазуға өтудін алғашқы қадамы болды.

XVIII ғасырлардан бастап петроглифтер дамып, таңба болған суреттердің қатарға қойылуы жолымен жазу пайда болған. Суреттен пайда болған жазуға ең жақсы мысал ретінде Жаңасайдағы Улуткем аpanындағы Сүлек ескерткішін айтуда болады. Сүлек ескерткішіндегі түйе суреттері анық болғандықтан ескерткіштің VIII ғасырда жасалғанын дәлелдейді. Ең көне және алғашқы жазбалардың Таңбалы Сай немесе Қаратая / Алатау, Талас аймағында табылуы қазірге дейін бұл жөнінде ешқандай зерттеу жасалмағандықтан болса керек.

Таңбалы Сайда табылған 1000-ға жуық тас суреттерінен тек 56 сурет гана жарық көрген. Орта Азияда пайда болыш дамыған бұл тас суреттері көшпендермен бірге дүниенің көптеген жеріне тараган. Шығыс Анадолы

Ергүдер А. Қазақстан және Анадолы жерлеріндегі ...

жайлауларында Орта Азиядағыларға тән тас суреттерінің табылуы ірі толқындар және апаттарға қатысты болуы мүмкін. Шығыс Анадолы жайлауларындағы 40.000-та жуық тас суреттерінің Қазақстандағы Қаратай суреттеріне ұқсас болуын дәлел ретінде көрсетуге болады. Дәл сондай суреттерді Еуропаның түрлі жерлерінен және Франциядан да табылған.

Карс Азат Тас суреттері



Кағыzman Тас суреттері



Алғашқы тас суреттері және петроглифтер Алдыңғы Түрік мәдениетінің қайнар бұлағы ретінде пайда болған. Алдыңғы Түрік жазуы үңгірлерден тарап кілем беттеріне түскен. Осылайша дүние жүзілік мәдениеттегі өз орнын тапқан. Осы таңбалар көптеген ұлыстар тарапынан әр түрлі мән-мағына беріле отырып қолданылған. Дәл сол таңбалар мистикалық және философиялық ұйымдар тарапынан да қолданылған. Солардың ішінде Мәулеуилерді, әулеуилерді және Бекташилерді атап өтүге болады. Орта гасырда Сихырға қатысты жұмыстар жасаған, алайда діни тұрғыдан жұмыс

істегендерін айтқан көптеген ұйымдар да осы таңбаларды пайдаланған. Жақын уақытқа дейін осы Түрік таңбаларын Сихыр жасау мақсатында қолданылған суреттер деп түсіндірген. Осы мәселе жөнінде көптеген кітаптар жарық көрген.

Карс чаллы. Кіші суретте оқпен атылған үстінде таңбасы бар киік



Карс кілемі үстіндегі киік және тау ешкі мотиві



Осы таңбалар тас мрамор, кірпіш, терезе, бағана күмбез және т.б. эшекейлерде, медресе және керуен сарайларда тақта жұмыстарында, жиһаздарда және т.б.көптеген салаларда өте жиі қолданылған.

Табиги бояу жасау және қолдануды билетін Түрік өнерпазы тапқан жануарлардан алған жүн және қыл арқылы жасаған кілем, жастық, дорба және т.с.с. заттарды Түркі таңбаларымен эшкейлеген.

Бастапқыда бұлардың жазба ескерткіші болуы әбден мүмкін. Бұғ Хан, Қаған үшін жасалған БЕНГ'У деп ойлау мүмкін. Немесе жоғары басшыларға

Ергүдер А. Қазақстан және Анадолы жерлеріндегі ...

халық тарапынан естелік ретінде жасалуы мүмкін. Оғыздардың осы таңбаларды пайдаланғанын көшпендейлердің кілемдерге тоқығанын білеміз.

Қазіргі таңда бұлардың таңба жазу екенін түсінбекендіктен ұқсату арқылы жануар аяғы, қолы, белінде гүл, өрмекші және т.б. аттармен аталады. Күн өткен сайын өзара бөлініп, жергілікті аттармен атала бастаған.


Карс чаллы тас суреттері мен Карс Кілеміндегі тау ешкісі



Карс чаллы кіші сурет тас суреттері



Карс чаллы тас суреттері



ӘДЕБИЕТТЕР

1. Taner N. "Halk El Sanatlarında Nakışların Abecesi ve Halkbilimsel Özellikler", I. Uluslararası El Sanatları Sempozyumu, İzmir 1984, s. 286; A. Turan, Sanat.
2. Terimleri Sözlüğü. Ankara 1976, s. 85; A. Ergüder Çoruh Vadisi Düz Dokumaları, Ankara, 2007, s. 70.
3. Yalman A. Cenupta Türkmen Oymakları. C. 2, s. 461.
4. Tarcan H. Tarihin Başladığı Ön-Türk Uygarlığı Resmi Tarihinin Çöküşü. İstanbul, 2003, s. 136.
5. Egmetin Ş. Hali Kilimlerde Ön-Türkçe Tamgalar, Töre, S. 2, İstanbul 2001, s. 39.
6. Ақышев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрасль. Алматы, 1972.
7. Ақышев П. Древнее золото Казахстана. Алматы, Жалын, 1983.
8. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алматы, Жалын, 1979.
9. Валиханов Ш. II собр. сочинений в 5-ти томах. Алматы. 1984-86.
10. Фабитов М.Г. Пейзаж в творчестве художников. В сб. Очерки истории искусства Казахстана. Алматы, Наука, 1977.
11. Касиманов. С.К. Прикладное искусство казахского народа. Алматы, «Өнер», 1986.
12. Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. Алматы, Өнер, 1968.
13. Жәнбеков Ө. Қазақ қолөнерінің мәдениеті. Алматы, Өнер. 1982.
14. Ералин К.Е. Изобразительное искусство Казахстана в системе художественно-профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства и художественного труда: дис. ...докт. пед. наук. -М., 1992.
15. Аллатов В. Искусство древней Руси. М., 1968.
16. Ералин К.Е., Тастемиров К.Т. Методы изучения творчество народных мастеров. Шымкент, МКТУ им. Х.А. Ясави. 1995.
17. Ералин К. Қеністік көріністерін бейнелеу. Түркістан, Тұран, 2006, 79-б.
18. Хворостов Л.С. Декоративно-прикладное искусство. М., Просвещение.
19. Соколова Т. Орнамент почерк эпохи. Л. 1972, стр.7.

REZUME

Erguder A. (Turkiya)

**SIMILARITIES IN HAND-MADE GOODS' ORNAMENTS OF IN KAZAKHSTAN
AND ANADOLY**

The article deals with similarities in hand-made goods' ornaments of in Kazakhstan and Anadoly.